

**А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті
КОСТАНАЙСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ А.БАЙТҰРСЫНОВА**



**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН**

6B05102 Биотехнология / Биотехнология

2019, 2020 жылдардың жинағы үшін /для набора 2019, 2020 г.г.

Қостанай, 2021

Құрастырушылар / Составители:

Папуша Наталья Владимировна - мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы кафедрасының доценті, а.ш.ғ.к./ доцент кафедры технологии производства продуктов животноводства, к.с.х.н.

Сарсенбекова Зухра Турсунхановна – мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы кафедрасының оқытушысы, а.ш.ғ.м./ преподаватель кафедры технологии производства продуктов животноводства, м.с.х.н.

Элективті пәндер каталогы.- Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, 2021.- 46 б.

Каталог элективных дисциплин.- Костанай: КРУ имени А.Байтұрсынова, 2021.- 46 с.

Элективті пәндер каталогы қысқаша сипаттамасы, оқыту мақсаты, оқу мазмұны және күтілетін оқу нәтижесі көрсетілген таңдау компонентіне кіретін пәндер тізімін қамтиды. 2019,2020 жылдарда қабылданған кредиттік технология бойынша оқитын студенттерге арналған.

Каталог элективных дисциплин содержит перечень дисциплин компонента по выбору и их краткое описание с указанием цели изучения, содержания и ожидаемых результатов обучения. Предназначен для студентов, обучающихся по кредитной технологии набора 2019, 2020 годов.

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ-дың оқу-әдістемелік кеңес отырысында бекітілді, 24.02. 2021 ж. № 2 хаттама

Утвержден на заседании учебно-методического совета КРУ имени А.Байтұрсынова, протокол от 24.02.2021 г. № 2

Мазмұны / Содержание

Кіріспе / Введение.....	4
Семестр бойынша элективті пәндерді бөлу /Распределение элективных дисциплин по семестрам	5
2 2 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер / Элективные дисциплины для студентов 2 курса.....	7
3 3 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер / Элективные дисциплины для студентов 3 курса.....	17
4 4 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер / Элективные дисциплины для студентов 4 курса.....	33

Кіріспе

Элективті пәндер каталогы оқытудың кредиттік жүйесі бойынша құрастырылады. Элективті пәндер каталогы жүйеленген таңдау бойынша пәндер тізімін және олардың қысқа сипаттамасын қарастырады.

Студент мамандықтардың міндетті компонент/жоғары оқу орны компонентінің пәндерін меңгерумен қатар, ұсынылып отырған таңдау бойынша пәндерді таңдап алуы тиіс.

Элективті пәндерді таңдауға эдвайзер кеңес береді. Студент эдвайзермен бірлесе отырып, студенттің жеке оқу жоспарын құру үшін пәндерге жазылу нысанын толтырады.

Құрметті студенттер! Білім беру траекториясының біртұтастығының ойластырылуы Сіздің болашақта маман ретінде кәсіби дайындығыңыздың деңгейіне ықпал ететінін есте сақтауыңыз керек.

Введение

При кредитной технологии обучения разрабатывается каталог элективных дисциплин, который представляет собой систематизированный перечень дисциплин компонента по выбору и содержит краткое их описание.

Наряду с изучением дисциплин обязательного / вузовского компонента, студент должен выбрать для изучения дисциплины компонента по выбору.

Консультации по выбору элективных дисциплин дает эдвайзер. Вместе с ним студент заполняет форму записи студентов на дисциплины для составления ИУП (индивидуального учебного плана).

Уважаемые студенты! Важно помнить, что от того, насколько продуманной и целостной будет Ваша образовательная траектория, зависит уровень Вашей профессиональной подготовки, как будущего специалиста.

Семестр бойынша элективті пәндерді бөлу /

Распределение элективных дисциплин по семестрам / Distribution of elective courses by semester

Пәннің атауы / Наименование дисциплины /Course name	Кредиттер саны / Кол-во кредитов/ Number of credits	Академиялық кезең/ Акад период/ Academic period
Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері / Основы права и антикоррупционной культуры / Basics of Law and Anti-Corruption Culture		
Экология және тіршілік қауіпсіздігі / Экология и безопасность жизнедеятельности/ Ecology and Life Safety	5	3
Экономика және кәсіпкерлік негіздері/ Основы экономики и предпринимательства/ Basics of economics and business		
Көшбасшылық негіздері / Основы лидерства / Basics of Leadership		
Цитология/ Цитология/ Cytology		
Мал шаруашылығы негіздері / Основы животноводства / Fundamentals of livestock production	5	3
Жалпы және молекулалық генетика / Общая и молекулярная генетика/ General and Molecular Genetics	5	4
Молекулярлық биология / Молекулярная биология / Molecular biology		
Микробиология және вирусология / Микробиология и вирусология/ Microbiology and Virology	5	4
Зертханалық іс / Лабораторное дело / Laboratory practice		
Адам және жануарлар физиологиясы /Физиология человека и животных/ Human and animal physiology	5	5
Өсімдіктің физиологиясы мен биотехнологиясы / Физиология и биотехнология растений / Physiology and Plant biotechnology		
Микроорганизмдер биотехнологиясы / Биотехнология микроорганизмов / Microorganism biotechnology	5	5
Экологиялық биотехнология / Экологическая биотехнология / Environmental Biotechnology		
Гендік және жасушалық инженерия/ Генная и клеточная инженерия / Gene and cell engineering	5	5
Ауылшаруашылығы биотехнологиясы / Сельскохозяйственная биотехнология / Agricultural biotechnology		
Өндірістік биотехнология / Промышленная биотехнология / Biotechnology in Industrial production	5	5
Қолданбалы биотехнология / Прикладная биотехнология / Applied biotechnology		
Minor 1	5, 5	5
Энзимология / Enzymology		
Жасушалық биотехнология / Клеточная биотехнология / Cell biotechnology	5	6
Имунды биотехнология / Иммунобиотехнология / Immunobiotechnology		
Медициналық және ветеринариялық биотехнология / Медицинская и ветеринарная биотехнология / Medicine and veterinary biotechnology	5	6

Биотехнологиядағы процестер және аппараттар / Процессы и аппараты в биотехнологии / Processes and apparatus in biotechnology		
Өнеркәсіптік биотехнология кәсіпорындарын жобалау / Проектирование предприятий биотехнологической промышленности / Designing of enterprises of biotechnological industry	5	6
«Мал шаруашылығындағы биотехнология» 1 білім беру тректориясының модулі / Образовательная траектория 1 "Биотехнология в животноводстве"		
Салқындату техникасы/ Техника холода /Technique of cold	5	6
«Азық-түлік өнімдерінің биотехнологиясы» 2 білім беру тректориясының модулі/ Образовательная траектория 2 "Биотехнология продуктов питания"		
Тағам химиясы / Пищевая химия / Food chemistry		
Minor 2	5, 5	6
Биотехнологияның генетикалық негіздері / Генетические основы биотехнологии / Genetic bases of biotechnology	3	7
Геномика / Genomics		
Эксперименттің техникасы және нәтижелерді өңдеу/ Техника эксперимента и обработки результатов / Methods of experimental work	3	7
Тәжірибелік істің әдістемесі / Методика опытного дела / Methodologies of laboratory work		
«Мал шаруашылығындағы биотехнология» 1 білім беру тректориясының модулі / Образовательная траектория 1 "Биотехнология в животноводстве"		
Ауыл шаруашылық малдарының түрлері бойынша селекция және биотехнологиясы / Селекция и биотехнология сельскохозяйственных животных по видам / Selection and biotechnology of farm animals by types	5	
Мал шаруашылығындағы биотехнология /Биотехнология животных /Animal biotechnology	5	
Өндіріс биотехнологиясының кәсіпорын жабдықтары / Оборудование предприятий биотехнологической промышленности / Equipment of the enterprises in biotechnological industries	5	
Азық дайындаудың биотехнологиялық негіздері/ Биотехнологические основы кормоприготовления / Biotechnological bases preparation of a forage	5	
Эмбриоинженерия / Эмбриоинженерия/ Embryoengineering	5	7
«Азық-түлік өнімдерінің биотехнологиясы» 2 білім беру тректориясының модулі/ Образовательная траектория 2 "Биотехнология продуктов питания"		
Тағам биотехнологиясы / Пищевая биотехнология / Food Biotechnology	5	
Азық-түлік өнімдерінің биоқауіпсіздігі/ Биобезопасность продуктов питания / Biosafety of food	5	
Биологиялық белсенді қоспаларды алу технологиясы / Технология получения биологически активных добавок / Technology of biological active supplements obtaining	5	
Стандарттау, сертификаттау және метрология/ Стандартизация, сертификация и метрология/ Standardization, certification and metrology	5	
Ет және сүт өнімдерінің биотехнологиясы/Биотехнология молочных и мясных продуктов/ Biotechnology of dairy and meat products	5	

**1 2 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер /
Элективные дисциплины для студентов 2 курса**

Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері / Основы права и антикоррупционной культуры / Basics of Law and Anti-Corruption Culture	
Оқу мақсаты / Учебная цель	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша құқықтық білім мен азаматтық ұстаным жүйесін қалыптастыру.	Сформировать систему правовых знаний и гражданской позиции по противодействию коррупции.
Оқыту нәтижесі / Результаты обучения	
<p>Қурсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар Қазақстанның қолданыстағы</p> <ul style="list-style-type: none"> - заңнамасының негізгі ережелерін, Мемлекеттік басқару органдарының жүйесін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мәнін, себептері мен шараларын түсінетін болады; - оқиғалар мен әрекеттерді заң тұрғысынан талдайды; - нормативтік актілерді қолдану, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың рухани-адамгершілік тетіктерін қолданады; - меңгеруі тиіс: түрлі құжаттарға құқықтық талдау жүргізу дағдылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жетілдіру дағдылары; - өз өмірінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық білімді қолдану; - білуге тиіс: сыбайлас жемқорлықтың мәні және оның пайда болу себептері; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін моральдық-адамгершілік және құқықтық жауапкершілік шаралары; - меңгеруі керек: моральдық сана құндылықтарын іске асыру және күнделікті практикада адамгершілік нормаларын ұстану; жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру бойынша жұмыс жасау. 	<p>После успешного завершения курса обучающиеся будут</p> <ul style="list-style-type: none"> - понимать основные положения действующего законодательства Казахстана, систему органов государственного управления, а также сущность, причины и меры противодействия коррупции; - анализировать события и действия с точки зрения права, - применять нормативные акты, а также задействовать духовно-нравственные механизмы предотвращения коррупции; - владеть: навыками ведения правового анализа различных документов, навыками совершенствования антикоррупционной культуры; - применять в своей жизнедеятельности правовые знания против коррупции; - знать: сущность коррупции и причины её происхождения; меру морально-нравственной и правовой ответственности за коррупционные правонарушения; - уметь: реализовывать ценности морального сознания и следовать нравственным нормам в повседневной практике; работать над повышением уровня антикоррупционной культуры в молодежной среде.
Қурстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса	
<p>Мемлекет пен құқықтың негізгі ұғымдары мен категориялары. Құқықтық қарым-қатынастар. ҚР конституциялық құқығының негіздері. ҚР Әкімшілік және қылмыстық құқық негіздері. ҚР Азаматтық құқық негіздері.</p> <p>"Сыбайлас жемқорлық" ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шарты ретінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық қатынастарын жетілдіру. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлық табиғатының психологиялық ерекшеліктері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимылы.</p>	<p>Основные понятия и категории государства и права. Правовые отношения. Основы конституционного права РК. Основы административного и уголовного права РК. Основы гражданского права РК.</p> <p>Теоретико-методологические основы понятия «коррупции». Совершенствование социально-экономических отношений казахстанского общества как условия противодействию коррупции. Психологические особенности природы коррупционного поведения. Формирование антикоррупционной культуры. Взаимодействие государства и общественных организаций в вопросах противодействия коррупции.</p>
Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы	
Байтасова М.Ж.	Аубакирова З.Б.

Экология және тіршілік қауіпсіздігі / Экология и безопасность жизнедеятельности / Ecology and Life Safety	
Оқу мақсаты / Учебная цель	
Техносфера мен табиғи экожүйелер қызметіндегі қауіпті және төтенше қауіпті жағдайларда ескерту қабілеттері және экоқорғау ойлауды қалыптастыру	Формирование экозащитного мышления и способности предупреждения опасных и чрезвычайных ситуаций в функционировании природных экосистем и техносферы
Оқыту нәтижесі / Результаты обучения	
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар</p> <p>-экологияның, тіршілік қауіпсіздігі мен тұрақты дамудың негізгі тұжырымдамаларын, антропогендік қызметтің әлеуметтік-экологиялық салдарын түсінеді;</p> <p>- олардың жай-күйінің қауіпті деңгейінің туындауының алдын алу үшін табиғи және техногендік жүйелердің дамуы мен орнықтылығының зерделенген заңдылықтарын қолданады;</p> <p>- іске асырылған және ықтимал қауіптердің теріс әсерін және олардың деңгейлерін, антропогендік қызмет тәуекелдерін бағалайды;</p> <p>- техносфераның қауіпсіздігін арттыру бойынша іс - шараларды жоспарлайды;</p> <p>-өз бетінше жұмыс істеу, командада жұмыс істеу, шешім қабылдау, сыни ойлау, цифрлық және ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолданады, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларына ие болады.</p>	<p>После успешного завершения курса обучающиеся будут</p> <p>- понимать основные концепции экологии, безопасности жизнедеятельности, устойчивого развития; социально-экологические последствия антропогенной деятельности;</p> <p>- применять изученные закономерности развития и устойчивости природных и техногенных систем для предупреждения возникновения опасного уровня их состояния</p> <p>- оценивать негативное воздействие реализованных и потенциальных опасностей и их уровни, риски антропогенной деятельности;</p> <p>- планировать мероприятия по повышению безопасности техносферы;</p> <p>- обладать навыками самостоятельной работы, работы в команде, принятия решений, критического мышления, применения цифровых и информационно-компьютерных технологий, работы с информацией.</p>
Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса	
Аутэкология. Демэкология. Синэкология. Биосфера-ноосфералық концепциясы. Табиғи ресурстары және оларды тиімді пайдалану. Қазіргі жаһанды экологиялық және әлеуметтік -экологиялық мәселелер. Қоршаған орта және тұрақты даму. Қазақстан тұрақты даму жолында. Жасыл экономика. Қолайлы тәуекелдің концепциясы. Қауіпті және зиянды факторлардың жіктелуі. Төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар реттігі	Аутэкология. Демэкология. Синэкология. Биосферно-ноосферная концепция. Природные ресурсы и рациональное природопользование. Глобальные экологические и социально-экологические проблемы современности. Окружающая среда и устойчивое развитие. Казахстан на пути к устойчивому развитию. Зеленая экономика. Концепция приемлемого риска. Классификация опасных и вредных факторов. Порядок действий при чрезвычайных ситуациях
Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы	
Жокушева З.Г	Кожевников С.К.

Экономика және кәсіпкерлік негіздері / Основы экономики и предпринимательства / Basics of economics and business	
Оқу мақсаты / Учебная цель	
Салауатты экономикалық ойды, бәсекелестік ортада кәсіпорындардың табысты кәсіпкерлік қызметін ұйымдастырудың теориялық және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру.	Формирование экономического образа мышления, теоретических и практических навыков организации успешной предпринимательской деятельности предприятий в конкурентной среде
Оқыту нәтижесі / Результаты обучения	
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар</p> <p>- білуі қазіргі заманғы экономика принциптері мен заңдылықтардың қызмет етілуі, экономикалық категориялар, микро және макродеңгейдегі ұғымдық аппарат; «кәсіпкер», «кәсіпкерлік», «кәсіпкерлік қызмет», «бизнес-жоспарлау» ұғымдардарының экономикалық мазмұны мен мәні</p> <p>- меңгеруі экономикалық жағдайды талдау; кәсіпкерлік қызметтің осы немесе басқа түрлерінің базалық процестерін белгілеу; табысты кәсіпкерлік қызметке мінездеме беру; бизнес-жоспар құру; алған білімдерін пайдалы кәсіпкерлік қызмет үшін қолданады.</p> <p>- игеруі тиіс кәсіпкерлік қызметті экономикалық және әлеуметтік басқару саласында дұрыс шешім қабылдай алады; бизнес-жоспарларды құру, презентациялау және оларды жүзеге асыру дағдыларын білу; жаңа бизнес-идеялар мүмкіндіктерін немесе өміршеңдігін анықтау; инвестициялық ортамен өзара іс-қимыл жасау негіздерін</p> <p>- құзыретті болуы тиіс кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру және оның тиімділігін бағалау мәселелерінде; аргументтерді даярлау, капиталды қолдану саласын таңдауды негіздеу кезінде; кәсіпкерлік қызмет саласында болып жатқан экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін түсінуде;</p> <p>фирма дамуының жекелеген сұрақтары бойынша деректерді жалпылау және пайымдауды түсіндіруге қабілеті болады.</p>	<p>После успешного завершения курса обучающиеся будут</p> <p>-знать принципы и законы функционирования современной экономики, экономические категории, понятийный аппарат на микро- и макроуровнях; экономическое содержание и сущность понятий «предприниматель», «предпринимательство», «предпринимательская деятельность», «бизнес-планирования»</p> <p>- уметь анализировать экономическую ситуацию; выделять базовые процессы того или иного вида предпринимательской деятельности; давать характеристику успешности предпринимательской деятельности; составлять бизнес-планы; применять полученные знания для построения прибыльной предпринимательской деятельности</p> <p>- принимать правильные решения в области экономического и социального управления предпринимательской деятельности; навыками составления, презентации и осуществления бизнес-планов; определения жизнеспособности или возможностей новых бизнес-идей; основами взаимодействия с инвестиционной средой</p> <p>- должны быть компетентными в вопросах организации предпринимательской деятельности и оценки ее эффективности; при выработке аргументов, обоснования выбора сферы приложения капитала; в понимании сущности экономических явлений и процессов, происходящих в сфере предпринимательской деятельности; в обобщении данных и их интерпретации для выработки суждения по отдельным вопросам развития фирмы</p>
Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса	
Экономика қызмет етуінің іргелі мәселелері. Капитал. Сұраныс пен ұсыныс нарығы. Бәсекелестік және монополия. Кәсіпкерлік: түсінігі, мәні, негізгі түрлері және ұйымдастыру нысандары. Кәсіпкерлік қызметтегі тәуекелдер. Коммерциялық құпия және оны қорғау тәсілдері. Кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру. Кәсіпкерлік мәдениеті және этикасы.	Фундаментальные проблемы функционирования экономики. Капитал. Рынок. Спрос и предложение. Конкуренция и монополия. Предпринимательство: понятие, сущность, основные виды и формы организации. Риски в предпринимательской деятельности. Коммерческая тайна и способы ее защиты. Финансирование предпринимательской деятельности. Культура и этика предпринимательства.
Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы	
Баязитова И.А.	Шмидт В.А.

<i>Көшбасшылық негіздері / Основы лидерства / Basics of Leadership</i>	
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>	
студенттердің көшбасшылық қасиеттерді, стильдерді, кәсіпорын, аймақ және жалпы ел деңгейінде әсер ету әдістерін тиімді пайдалану арқылы адамдардың мінез-құлқын және өзара әрекеттесуін тиімді басқару әдістемесі мен практикасын меңгеру	овладение студентами методологией и практикой эффективного управления поведением и взаимодействием людей путем эффективного использования лидерских качеств, стилей, методов влияния на уровне предприятия, региона и страны в целом
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>	
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> - басқарудың барлық деңгейлеріндегі ұйымдардағы көшбасшылық мәселелерін теориялық және практикалық шешуге ғылыми көзқарастың мәні мен әдістерін түсінеді; - басқарушылық міндеттерді шешу үшін көшбасшылық пен биліктің негізгі теорияларын қолданады; - жеке басының артықшылықтары мен кемшіліктерін сыни бағалайды; - ұжымда жұмыс істеу; әлеуметтік маңызды мәселелер мен үдерістерді талдау, топтық динамика үдерістерін және команданы қалыптастыру қағидаттарын білу негізінде топтық жұмысты тиімді ұйымдастырады; - тұлғааралық, топтық және ұйымдастырушылық коммуникацияларды талдайды және жобалайды; - іскерлік қарым-қатынас дағдыларына ие болады; әр түрлі жағдайларға байланысты басқарудың алуан түрлі стильдеріне ие болады; көшбасшылық қасиеттерді зерттеу әдістері мен әдістемелеріне, көшбасшылық қабілеттерді дамыту технологияларына ие болады. 	<p>После завершения курса обучающиеся будут</p> <ul style="list-style-type: none"> - понимать сущность и методы научного подхода к теоретическому и практическому решению проблем лидерства в организациях на всех уровнях управления; -использовать основные теории лидерства и власти для решения управленческих задач; - критически оценивать личные достоинства и недостатки; - работать в коллективе; анализировать социально значимые проблемы и процессы, эффективно организовать групповую работу на основе знания процессов групповой динамики и принципов формирования команды; - анализировать и проектировать межличностные, групповые и организационные коммуникации - обладать навыками делового общения; многообразными стилями управления в зависимости от различных ситуаций; методами и методиками исследования лидерских качеств, технологиями развития лидерских способностей
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>	
Көшбасшылықтың табиғаты мен мәні. Көшбасшылық және менеджмент. Көшбасшылықтың дәстүрлі концепциялары. Көшбасшылықтың инновациялық концепциялары. Топтар, командалар және команда құру. Көшбасшының дамуы. Өзгерістерді жүзеге асыру кезіндегі көшбасшылық. Көшбасшылық мәселелері.	Природа и сущность лидерства. Лидерство и менеджмент. Традиционные концепции лидерства. Инновационные концепции лидерства. Группы, команды и командообразование. Развитие лидера. Лидерство при осуществлении изменений. Проблемы лидерства.
<i>Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы</i>	
Есімхан Г.Е.	Тобылов К.Т.

Цитология/ Цитология / Cytology	
Оқу мақсаты / Учебная цель	
Тірі организмдер жасушаларының құрылысы, қызмет етуі, қайта шығуы және жойылу заңдылықтарын зерттеу	Изучение закономерностей строения, функционирования, воспроизведения и гибели клеток живых организмов
Оқыту нәтижесі / Результаты обучения	
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> - білуі жануарлар мен өсімдіктер жасушаларын құрылымдық-функционалдық ұйымдастыру принциптері; жасушалардың пролиферациясының заңдылықтары, митоз және мейоз жолымен олардың бөлінуі, сондай-ақ олардың генетикалық детерминирленген физиологиялық өлім-жітімі жасушалардың қасиеттері және тіндер мен ағзаларды қалыптастыру кезінде олар туындататын жасушалық клондардың функционалдық мамандану заңдылықтары. - жарық микроскоп орнату және оның көмегімен дайын цитологиялық және гистологиялық препараттарды зерттеу; Өсімдік және жануарлар жасушаларының препараттарын дайындау және оларды цитологиялық зерттеу жүргізу. - игеруі тиіс жарық микроскоппен жұмыс істеу дағдысы; препараттарды тіркеу және бояу әдістері; жасушалық органеллаларды визуализациялау тәсілдер - өсімдіктер мен жануарлардың биологиялық суретін және жасушаларын сәйкестендіруді орындауда құзыретті 	<p>После завершения курса обучающиеся будут</p> <ul style="list-style-type: none"> - знать принципы структурно-функциональной организации клеток животных и растений; закономерности пролиферации клеток, их деления путем митоза и мейоза, а также их генетически детерминированной физиологической гибели путем апоптоза; свойства стволовых клеток и закономерности функциональной специализации порождаемых ими клеточных клонов при формировании тканей и органов. - настраивать световой микроскоп и исследовать с его помощью готовые цитологические и гистологические препараты; - изготавливать препараты растительных и животных клеток и проводить их цитологическое исследование - владеть навыками работы со световым микроскопом; методами фиксации и окраски препаратов; подходами визуализации клеточных органелл - выполнять биологический рисунок и идентификацию клеток растений и животных
Пререквизиттері / Пререквизиты	
Биохимия	Биохимия
Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса	
Цитология, мақсаттары мен міндеттері, басқа биологиялық ғылымдар арасындағы орны. Цитологияның пайда болуы және дамуы. Жасушаларды сандық зерттеу әдістері. Жасушаның жалпы сипаттамасы биологиялық мембраналар негізінде автономды өзін-өзі өндіретін жүйе ретінде. Эукариотикалық клетканың, оның компоненттерінің және органоидтардың құрылысы мен қызмет етуінің бірлігі. Пластиналы кешен (Гольджи аппараты). Лизосомы. Эндосомалар. Секреторлық везикулдар мен түйіршіктер. Пероксисомалар (глиоксисомалар).	Цитология, цели и задачи, место среди других биологических наук. Возникновение и развитие цитологии. Методы количественного исследования клеток. Общая характеристика клетки как автономной самовоспроизводящейся системы на основе биологических мембран. Единство строения и функционирования эукариотической клетки, ее компонентов и органоидов. Пластинчатый комплекс (аппарат Гольджи). Лизосомы. Эндосомы. Секреторные везикулы и гранулы. Пероксисомы (глиоксисомы).
Постреквизиттері / Постреквизиты	
Жалпы және молекулалық генетика, Адам және жануарлар физиологиясы	Общая и молекулярная генетика, Физиология человека и животных
Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы	
Папуша Н.В.	Папуша Н.В.

<i>Мал шаруашылығы негіздері / Основы животноводства / Fundamentals of livestock production</i>	
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>	
ауылшаруашылық малдарының биологиялық ерекшеліктерін үйрету, өсіру және өнімдерін өндіру технологиясын оқып үйрену	обучение биологическим особенностям сельскохозяйственных животных, изучение технологии выращивания и производства продукции
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>	
Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар малдардың өсу және даму заңдылықтарын; ауылшаруашылық малдарын өсіру және азықтандыру ерекшеліктерін біледі; ауылшаруашылық малдарының ерекшелігін, өнімдерін өндіру технологиясын және өсіру әдістерін меңгереді; азықтандырудың теориялық негізін және ауылшаруашылық малдары өнімдерін өндіру технологиясын игереді; ұдайы өндірудің үдемелі технологиясын енгізу; жас төлдерді өсіру; өндірістік және селекциялық-асылдандыру жұмысының жылдық жоспарын құрастыруға құзыретті болады.	После завершения курса обучающиеся будут - знать закономерности роста и развития животных; особенности кормления и выращивания сельскохозяйственных животных - различать особенности сельскохозяйственных животных, технологию производства продукции и методы выращивания - понимать теоретические основы кормления и технологии производства продукции сельскохозяйственных животных - внедрять прогрессивную технологию воспроизводства и разведения молодняка; составлять годовой план производственной и селекционно-племенной работы
<i>Пререквизиттері / Пререквизиты</i>	
Биотехнология нысандары	Объекты биотехнологии
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>	
Ауыл шаруашылық малдырдың шығу тегі мен эволюциясы. Ауылшаруашылық малдарының конституциясы мен экстерьері. Ауылшаруашылығы малдарын өсіру әдістері. Ауылшаруашылық малдарының өнімділігі. Ірі қара мал шаруашылығы. Жылқылардың, түйелердің биологиялық және шаруашылыққа пайдалы ерекшеліктері. Қойлар мен ешкілердің биологиялық және шаруашылыққа пайдалы ерекшеліктері. Құстарының биологиялық және шаруашылыққа пайдалы ерекшеліктері. Ауылшаруашылығы малдарын азықтандыру.	Происхождение и эволюция сельскохозяйственных животных. Конституция и экстерьер сельскохозяйственных животных. Методы выращивания сельскохозяйственных животных. Продуктивность сельскохозяйственных животных. Животноводство крупного рогатого скота. Биологические и хозяйственные особенности лошадей, верблюдов. Биологические и хозяйственные особенности овец и коз. Биологические и хозяйственные особенности птиц. Кормление сельскохозяйственных животных.
<i>Постреквизиттері / Постреквизиты</i>	
Жалпы және молекулалық генетика, Молекулалық биология	Общая и молекулярная генетика, Молекулярная биология
<i>Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы</i>	
Шайкамал Г.И.	Папуша Н.В.

Жалпы және молекулалық генетика / Общая и молекулярная генетика / General and molecular genetics	
Оқу мақсаты / Учебная цель	
Ауыл шаруашылық малдарының асыл тұқымды көрсеткіштерінің өзгергіштігі және тұқымқуалаушылық заңдылығымен танысу.	Ознакомить с закономерностями наследования и изменчивости племенных признаков у сельскохозяйственных животных.
Оқыту нәтижесі / Результаты обучения	
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> - ауыл шаруашылық малдарының асыл тұқымды көрсеткіштерінің өзгергіштігі және тұқымқуалаушылық заңдылықтарын біледі; - ауыл шаруашылық малдарының генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін пайдаланады; - молекулалық генетика әдістемесінде жай базаларында қолданылатын, негізгі зертхана құрал жабдықтарымен жұмыс істей білуді игереді; - тұқымқуалаушылық ақпаратының іске асуының молекулалық механизмін түсіну және молекулалық генетикалық негізгі түсініктерін анықтауды біледі және олардың қазіргі бағыттары – геномика, метагеномика, протеомика. 	<p>После завершения курса обучающиеся будут</p> <ul style="list-style-type: none"> - знать основы наследования и изменчивости племенных признаков у сельскохозяйственных животных; - пользоваться основными классическими методами исследований генетики в животноводстве; - владеть основными навыками работы с лабораторным оборудованием, применяемым в простейших базовых методиках молекулярной генетики; - понимать молекулярные механизмы реализации наследственной информации и уметь свободно оперировать основными понятиями молекулярной генетики и ее современных направлений — геномики, метагеномики, протеомики;
Пререквизиттері / Пререквизиты	
Цитология, Мал шаруашылығы негіздері	Цитология, Основы животноводства
Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса	
Геном құрылымы және ұйымдастырылуы. Тұқымқуалаушылық ДНК рөлі. Келтірілген геном дамуы. ДНК құрылымы мен репликациясы. Генетикалық код. Эукариот геномының құрылысы. Геномның көшпелі элементтері. ДНҚ-ын клондау және талдауы. Акуыз биосинтезінің гендік бақылануы. Хромосомалардың функциясы және құрылымы. Вирустар, жасуша органеллаларының, прокариоттар хромосомасы. Митоздық хромосомалар. Митоздық хромосомалардағы эукариот және гетерохроматин. Хроматин жинақталуы. Дифференциалдық бояу. Гетерохроматиннің ядролы қабықшасымен конъюгациялануы. Кешігуші репликация. Генетикалық талдау: гендер карталарын құрастыру. Мутацияларды алу.	Структура и организация генома. Роль ДНК в наследственности. Развитие представлений о гене. Структура и репликация ДНК. Генетический код. Структура генома эукариот. Мобильные элементы генома. Клонирование и анализ ДНК. Генный контроль биосинтеза белка. Строение и функционирование хромосом. Хромосомы вирусов, клеточных органелл и прокариот. Митотические хромосомы. Эукариот и гетерохроматин в митотических хромосомах. Компактизация хроматина. Дифференциальная окрашиваемость. Конъюгация гетерохроматина с ядерной оболочкой. Поздняя репликация. Генетический анализ: картирование генов. Получение мутаций.
Постреквизиттері / Постреквизиты	
Гендік және жасушалық инженерия, Ауылшаруашылығы биотехнологиясы	Генная и клеточная инженерия, Сельскохозяйственная биотехнология
Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы	

Габдуллин Ш.С.	Папуша Н.В
----------------	------------

Молекулалық биология / Молекулярная биология / Molecular biology	
Оқу мақсаты / Учебная цель	
Биообъектілердің негізгі молекулалық генетикалық және жасушалық механизмдері туралы студенттердің қазіргі білімін қалыптастыру	Формирование у студентов современных знаний об основных молекулярно-генетических и клеточных механизмах функционирования биообъектов
Оқыту нәтижесі / Результаты обучения	
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> - нуклеин қышқылдарының, ақуыздардың құрылысын, физикалық химиялық қасиеттерін, репликация, репарация, транскрипция және про- және эукариоттар арасындағы өзара байланысты біледі; - басқа пәндерді оқу кезінде және кәсіби қызметте алынған білімді іздестіруді, талдауды, бағалауды және қолдануды жүзеге асырады; - биосинтез туралы ақпаратты меңгеру нуклеин қышқылдары мен ақуыздардың гендердің экспрессиясын реттеу және молекулалық деңгейде жасушада болатын өмірлік процестердің өзара байланысы - биологиялық процестерді басқаратын молекулалық жүйелердің жұмыс механизмдері, олар туралы білім алу әдістері, биологиялық молекулалық жүйелердің қасиеттерін зерттеу туралы білімді кәсіби қызметте қолдануға құзыретті болуы керек. 	<p>После завершения курса обучающиеся будут</p> <ul style="list-style-type: none"> - знать строение, физико-химические свойства нуклеиновых кислот, белков, взаимосвязь между репликацией, репарацией, транскрипцией и трансляцией в клетке у про- и эукариот - осуществлять поиск, анализировать, оценивать и применять полученные знания при изучении других дисциплин и в профессиональной деятельности - владеть информацией о биосинтезе нуклеиновых кислот и белков, о механизмах регуляции экспрессии генов и взаимосвязи жизнеопределяющих процессов, происходящих в клетке на молекулярном уровне - должны быть компетентными в применении в профессиональной деятельности знаний о механизмах работы молекулярных систем, управляющих биологическими процессами, о методах получения знаний о них, изучающих свойства биологических молекулярных систем.
Пререквизиттері / Пререквизиты	
Цитология, Мал шаруашылығы негіздері	Цитология, Основы животноводства
Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса	
Молекулалық биологияның негізгі бағыттары мен даму болашағы. Молекулалық биологияның пәні мен міндеттері. Генетика, Микробиология, вирусология, биохимия, нуклеин қышқылдары химиясы мен физиканың рөлі. Тұқым қуалаушылық белгілердің берілуінде нуклеин қышқылдарының рөлінің тәжірибелік дәлелдемелері. ДНҚ және РНҚ құрылысы, қасиеттері және функциялары. ДНҚ және РНҚ молекулалық құрылымын зерттеу әдістері. Ұйымның әртүрлі деңгейіндегі организмдердегі гендер мен геномдардың құрылысы.	Объекты, задачи, основные направления и перспективы развития молекулярной биологии. Предмет и задачи молекулярной биологии. Роль генетики, микробиологии, вирусологии, биохимии, химии нуклеиновых кислот и физики. Экспериментальные доказательства роли нуклеиновых кислот в передаче наследственных признаков. Строение, свойства и функции ДНК и РНК. Методы изучения молекулярной структуры ДНК и РНК. Строение генов и геномов у организмов разного уровня организации.
Постреквизиттері / Постреквизиты	
Гендік және жасушалық инженерия	Генная и клеточная инженерия

Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы	
Бермагамбетова Н.Н.	Брель-Киселева И.М.
Микробиология және вирусология / Микробиология и вирусология / Microbiology and Virology	
Оқу мақсаты / Учебная цель	
жалпы микробиология мен вирусологияның концептуальды негіздерімен студенттерді таныстыру.	ознакомление студентов с концептуальными основами общей микробиологии и вирусологии.
Оқыту нәтижесі / Результаты обучения	
Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар - микроағзалар тіршілік әрекетінің негізгі заңдылықтарын, олардың морфологиясын, физиологиясын, генетика мен экологиялық проکاریоттарды біледі; - халықтық шаруашылықта және табиғатта микроағзалар рөлін қалыптастырады; - микробиология және вирусология облысында зерттеудің негізгі әдістерін және жалпы биологиялық зерттеулерді игереді; - микробиология және вирусологияда химиялық әдістерді пайдаланады.	После завершения курса обучающиеся будут - знать основные закономерности жизнедеятельности микроорганизмов, их морфологии, физиологии, генетики и экологии прокариот - формировать представления о роли микроорганизмов в природе и народном хозяйстве - владеть основными методами исследований в области микробиологии и вирусологии и их роли в общеприкладных исследованиях - использовать химические методы в микробиологии и вирусологии
Пререквизиттері / Пререквизиты	
Биотехнология нысандары	Объекты биотехнологии
Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса	
Сүт өнімдері мен сүттің санитарлық жағдайын микробиологиялық бағалау. Ет және ет өнімдерінің микробиологиясы. Шұжық, консерв және жартылай өнімдердің микробиологиясы.	Микробиологическая оценка санитарного состояния молока и молочной продукции. Микробиология мяса и мясных продуктов. Микробиология колбасных, консервных изделий и полуфабрикатов.
Постреквизиттері / Постреквизиты	
Микроорганизмдер биотехнологиясы, Экологиялық биотехнология	Биотехнология микроорганизмов, Экологическая биотехнология
Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы	
Елеусизова А.Т.	Елеусизова А.Т.

<i>Зертханалық іс/ Лабораторное дело / Laboratory business</i>	
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>	
Лабораториялық тәжірибелердегі заман талабына сай әдістемелерін білу.	Изучение современных методик используемых в лабораторной практике
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>	
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар</p> <p>- микробиология мен вирусология негіздерін, иммунитет инфекциясын, микроорганизмдер генетикасын, микроорганизмдердің зат айналымы процессіндегі қызметін және жануарлардң инфекциялық патологиясын, бактериология негіздерін, вирусологиялық және серологиялық аурулардың диагностикасын біледі;</p> <p>- патологиялық материалдарды алуды, консерін тасымалдауды, вакциналарды, сарысуды дұрыс қолдануды, микробтық азықтарды синтездеуді үйренеді;</p> <p>- микробтардың ферментативті белсенділігін анықтау дағдыларын меңгереді;</p> <p>- зертханалық істе тиімді компьютерлік бағдарламаларды пайдалану саласында құзыретті болады.</p>	<p>После завершения курса обучающиеся будут</p> <p>- знать основы общей микробиологии и вирусологии, инфекции иммунитета; генетику микроорганизма, роль микроорганизма в кругообороте веществ и в инфекционной патологии животных; основы бактериологической, вирусологической и серологической диагностики инфекционных болезней; основные признаки возбудителей</p> <p>- получать, консервировать транспортировать патологический материал; правильно применять и рационально использовать вакцины, сыворотки и диагностикумы, продукты микробного синтеза.</p> <p>- владеть навыками определения ферментативной активности микробов, компетентными в области использования эффективных компьютерных программ в лабораторном деле</p>
<i>Пререквизиттері / Пререквизиты</i>	
Биотехнология нысандары	Объекты биотехнологии
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>	
Жалпы пайдалануға арналған зертханалық ыдыстар; зертханалық ыдыстарды дайындау; зертханалық ыдыстарды кептіру және физико	Лабораторная посуда общего назначения; мерная посуда; подготовка лабораторной посуды; физико-химические методы очистки и сушка лабораторной посуды; лабораторная техника общего назначения; бактериологические краски и питательные среды; технологии приготовления бактериологических питательных сред; химические реактивы; технология и порядок приготовления растворов; дезинфекция и применение дезрастворов; лабораторные животные; болезни лабораторных животных.
- химиялық тазарту әдістері; жалпы пайдалануға арналған зертханалық техника; сіңімді орталар және бактериологиялық бояулар; бактериологиялық сіңімді орталарды дайындау технологиялары; химиялық реактивтер; қоспаларды дайындаудың тәртібі мен технологиялары; дезқоспаларды қолдану және дезинфекциялау; зертханалық малдар; зертханалық малдардың аурулары.	
<i>Постреквизиттері / Постреквизиты</i>	
Микроорганизмдер биотехнологиясы	Биотехнология микроорганизмов
<i>Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы</i>	
Елеусизова А.Т	Елеусизова А.Т

**1 3 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер /
Элективные дисциплины для студентов 3 курса**

<i>Адам және жануарлар физиологиясы / Физиология человека и животных / Human and animal physiology</i>	
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>	
Организмнің, жүйелердің, мүшелердің қызметтерінің физиологиялық механизмдерімен таныстыру; физиология ғылымының жаңа жетістіктерімен таныстыру және даму болашағын көрсету; білім беріп, физиологиялық ой қалыптастыру	Формирование профессиональных знаний и умений в области физиологии человека и животных; ознакомление с новыми научными достижениями в физиологии и перспективы развития; дать знания в области физиологии
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>	
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> - пәннің нысанын, мақсатын, міндеттерін, олардың өз болашақ мамандығы үшін маңызын; жасушалардың, ұлпалардың, мүшелердің және мүшелер жүйесінің құрылысы мен даму заңдылықтарын біледі; - физиологиялық жүйелердің атқару қызметтерін анықтап олардың реттелу механизмдерін толық меңгереді; игерген білімдерін практикалық сабақтарда және эксперименталды жұмыста пайдаланады; физиологиялық классикалық әдістермен танысып, оларды қолданатын жай туғызуға, адам және жануарлардың физиологиялық ортақ белгілерін ерекшеліктерін анықтай білуге және кәсіптік іскерліктерде алған теориялық және өндірістік білімдерін тәжірибеде іске асырады. 	<p>После завершения курса обучающиеся будут</p> <ul style="list-style-type: none"> -<i>знать</i> предмет, цель, задачи дисциплины и их значение для своей будущей профессии; строение и закономерности развития клеток, тканей, органов и систем органов - применять практические знания в оценке физического и нервного развития здоровья человека и животных; анализировать различия в механизмах физиологических процессов организмов -проводить научно-исследовательскую деятельность по сбору и подготовке научных материалов, постановке эксперимента, обработке и анализу результатов экспериментальных исследований
<i>Пререквизиттері / Пререквизиты</i>	
Биохимия, Цитология	Биохимия, Цитология
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>	
Физиология ғылымының дамуы жөнінде қысқаша шолу. Жеке органдар мен функциональды жүйелердің қызметі. Қозғыш ұлпалардың физиологиясы. Жүйкелер, олардың құрылысы және жүйке талшықтарының құрамы. Қозғыштықты анықтайтын әдістер. Орталық жүйке жүйесінің физиологиясы. Вегетативтік жүйке жүйесі. Симпатикалық және парасимпатикалық жүйке жүйесі.	Краткий обзор развития физиологии как экспериментальной науки. Физиология отдельных органов и функциональных систем. Физиология возбудимых тканей. Нервы, их строение и состав нервных волокон. Методы определения возбудимости. Физиология центральной нервной системы. Физиология эндокринной системы.
<i>Постреквизиттері / Постреквизиты</i>	

Жасушалық биотехнология, Эмброинженерия, Мал шаруашылығындағы биотехнология	Клеточная биотехнология, Эмброинженерия, Биотехнология животных
Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы	
Айсин М.Ж.	Айсин М.Ж.
Өсімдіктің физиологиясы мен биотехнологиясы / Физиология и биотехнология растений / Physiology and Plant biotechnology	
Оқу мақсаты / Учебная цель	
Студенттердің мәдени өсімдіктердің жаңа сорттарын құрудың заманауи технологиялары саласында білім алуы, олардың өнімділігін арттыру, қолайсыз факторларға төзімділігі, сонымен қатар жасушалық және гендік-инженерлік әдістерге негізделген өсімдік өнімдерінің сапасы.	Приобретение студентами знаний в области современных технологий создания новых сортов культурных растений, повышения их продуктивности, устойчивости к неблагоприятным факторам, а также качества растительной продукции, основанных на клеточных и генно-инженерных методах.
Оқыту нәтижесі / Результаты обучения	
Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар - қоғамның жоғары сапалы қауіпсіз өсімдік өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз ету мәселесін шешудің іргелі аспектілері; - in vitro өсімдік клеткасының өсуі мен дамуын реттеу негіздерін біледі; - вирустық инфекциядан бос өсімдіктердің тұқымдық материалын алу технологиясының негіздерін меңгереді; - молекулалық маркерлерді пайдалана отырып, өсімдіктерді сәйкестендіру және саралау тәсілдері игереді.	После завершения курса обучающиеся будут - знать фундаментальные аспекты решения проблемы обеспечения потребности общества в высококачественной безопасной растительной продукции; - основы регуляции роста и развития растительной клетки in vitro; - применять основы технологии получения семенного материала растений, свободного от вирусной инфекции - проводить способы идентификации и дифференциации растений с использованием молекулярных маркеров
Пререквизиттері / Пререквизиты	
Биохимия, Цитология	Биохимия, Цитология
Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса	
Өсімдіктер физиологиясы мен биотехнологиясының пәні, міндеттері мен әдістері. Өсімдіктер биотехнологиясының даму кезеңдері. Өсімдіктердің тіршілік әрекетін зерттеу тәсілдері. Өсімдік биотехнологиясын дамытудың өзекті мәселелері мен перспективалары. Өсімдіктер жасушаларының мәдениеті. Жасушалық инженерия. Генетикалық инженерия.	Предмет, задачи и методы физиологии и биотехнологии растений. Этапы развития биотехнологии растений. Подходы к изучению процессов жизнедеятельности растений. Актуальные проблемы и перспективы развития биотехнологии растений. Культура клеток растений. Клеточная инженерия. Генетическая инженерия.
Постреквизиттері / Постреквизиты	
Жасушалық биотехнология	Клеточная биотехнология
Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы	
Абилева Г.А.	Ергалиева Т.М.

Микроорганизмдер биотехнологиясы / Биотехнология микроорганизмов / Microorganism biotechnology	
Оқу мақсаты / Учебная цель	
Биотехнологиялық деңгейде жаңа өнімдерді алу үшін микроорганизмдерді кеңінен қолдану теориясы бойынша кәсіпқойлық білімдері мен меңгерулерін қалыптастыру.	Формирование профессиональных знаний и умений по теории широкого использования микроорганизмов для получения новых продуктов на биотехнологическом уровне .
Оқыту нәтижесі / Результаты обучения	
